

І ТУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

август Сейсенбі

|| жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

Астанадағы өзен вокзалының бір күні

— Москваның Солдүстік өзен вокзалы. Бұл арадан бес те-
тізге баратын ұлы су жолы басталады.

Еуропадағы ең ұзақ жол болып табылатын 3.267 кило-
метрлік Москва — Дондағы Ростов өзен жолында ең жақсы
теплоходтар мен кемелер жұмыс істейді. 24 августа 14
сағатта Ростовқа «Москваның 800 жылдығы» кемесі жүріп
кетті. Бұдан көп кешікпей орталық тоқтайтын жерге Астра-

хань — Москва аралында сапар шеккен «Георгий Седов»
жолаушы теплоходы кетті.

Таңертең, әдеттегідей, бірінен соң бірі экскурсиялық
теплоходтар кетіп жатты. Олар москвалықтарды Учинск су
қоймасының масағыдай құлпырған жағалауларына серуендеу-
ге апарды.

Москва атындағы каналда кемелер жүру басталғанға бері
300 мың адам серуенге шықты. (СОТА).

қамту

ин сомның шар-
ен киім- кешекте-

ени- ағарту меке-
ындары мәдени-
өз дәрежесінде
ей реттерде саяси-
ағарту жұмысе-
луде. Көп мәдени-
ықметкерлері өздері
овхоздардың ал-
әруашылық жү-
жүргізуді білмейді.
ер, Приешім аудан-
у мекемелерінің
еді. Бұл ауданда
ет председателдері
үйымдарының сек-
арту жұмысының
өмей жүр. Осындай
салдарынан Кали-
дегі екі мәдени-
ысы кәзіргі бұл
лерінің жұмысын
да талапқа сай
дастыруға селозық
иской, бастауыш
ретары Посохов
ры келмей-ақ жүр.

Партиямыздың съезіне лайықты тартулар әзірлейік!

БК(б)П-ның XIX съезі құрмесіндегі вахта күндерінде шаруашылықтың барлық салаларында
жаңа өрлеуге жетісу — облыс еңбекшілерінің абройлы борышы


Бірінші парызын орындады

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының
№ 1 фермасының (меңгерушісі П. Н.
Дрягин жолдас) коллективі астық дайын-
дау және мемлекетке астық таныру
жоспарын мерзімінен бұрын орындауға
міндеттенген-ді.

Алған міндеттемені мүлтіксіз орындап
шығу үшін ферма басшылары қолда бар
мүмкіншілікті егін жыйнау мен астық
дайындауды ойдағыдай жүргізуге жұмыс-
дыра білді. Егіншілер қырымдарда күн-
диз- түні бірдей өнімді еңбек етті де,
сменалық тапсырмаларын толық орындап
отырды.

Астық дайындауда ферма комсомолецте-
рі үлкен роль атқарды. Олар өне бойы
жұмыстың шешуші участоктерінде болып,
стахановша еңбек етті.

Дайындау пункттеріне астық тасуда
Д. Шаповалов және Н. Хаятов сыяқты
шоферлер үздік табыстарға жетті. Олар
да өздеріне тағайындалып берілген норма-
ларын артығымен орындап отырды. Егін-
шілердің қажырлы еңбек етуі нәтижесінде



Торангүл ет- сүт совхозының комбайншысы И. Подолько жолдас «Сталинец—6»
комбайнымен 750 гектар егін жыйнауға міндеттеме алған еді. Кәзір ол күн сайын
25—28 гектардан шауып, 385 гектар жердің егінін орып, бастырды.

СУРЕТТЕ: И. Подолько жолдасын комбайнның совхоз даласында бидай
орып жүрген кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Механизация күші өнімсіз

Григорьев басқарған бригаданың міндеттемесі

Киров атындағы заводтың бөлімдері
мен барлық цехтарында XIX съезд алдын-
да БК(б)П Орталық Комитеті жариялаған
бесінші бесжылдықтың директиваларымен
танысу жұмысы жүргізілуде. Кәсіпорны-
ның жұмысшылары мен инженер-техник
қызметкерлері бесінші бесжылдықтың ди-
рективаларын социализмнен коммунизмге
бірте- бірте көшу жолындағы қаһарман
совет халқының болашақ жеңістерінің
ұлы программасы деп есептейді.

Слесарьлар бригадасының бригадирі
Григорьев жолдас:—біздің Отанымыздың
астанасы—Москвада 1952 жылы 5 октя-
брь күні шақырылатын Бүкілодақтық
Коммунист (большевиктер) Партиясы-
ның XIX съезі туралы хабар және бесін-
ші бесжылдықтың директивалары, барлық
совет адамдары сыяқты, біздің заводтың
жұмысшылары мен инженерлеріне, сол
сыяқты, біздің бригада мүшелеріне де
үлкен рух беріп, бейбіт еңбек майданын-
да жаңа жеңістерге жігерлендіруде, —
дейді.

—Сүйікті Отанымыздың барлық халық-

Облысымыздың киноландыру орындары да бұл жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырып отыр. Кәзір облыс көлемінде 94 киноустановка жұмыс істейді. Киноустановкалар мен жылжымалы кинолар егін жыйнау науқаны кезінде егіншілерге 4440 сеанс кинофильмдер көрсетуді жоспарлады. Облыстық, аудандық тұтынушылар одақтары соңғы кезде егіншілерді көпшілік қолды товарлармен қамту ісін едәуір жақсартты. Олар арқы-

шаруашылығындағы озаттардың бай тәжірибелерін кеңінен тарату ісін; еңбек өнімділігін еселеп арттыру ісін ұйымдастыратын, еңбекшілерге большевиктік саяси-тәрбие беретін орталыққа айналдыра білулері керек. Социалистік ауыл шаруашылығын өркендету, елімізде астықтың мол қорын жасау, халқымыздың ауқатты және мәдениетті тұрмысын өрістеті беру күресіне мәдени-ағарту мекемелерінің айтарлықтай үлес қосуына жетісу қажет.

Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай В. И. Ленин мавзолейінде болды

24 август күні кәзір Москвада жатқан Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай В. И. Ленин мавзолейінде болып, революцияның ұлы ұстазы В. И. Ленинге «Қытай Халық Республикасының Орталық Халық Үкметінің делегациясынан» деген жазуы бар гүл қойды.

Чжоу Эн-лаймен бірге Мемлекеттік Әкімшілік Советі Премьерінің Орынбасары Чань Юнь, Мемлекеттік Әкімшілік Советі жанындағы Финанс-экономикалық Комитет Председателінің Орынбасары Ли Фучунь, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі елшісі Чжан Вэнь-тянь, Халық революциялық Соғыс Советінің Бас Штабы Бастығының орынбасары Су Юй, ауыр өнеркәсіп Министрі Ван Хао-шоу, отын өнеркәсібі Министрі Чань-Юй, Финанс-экономикалық Комитеті Секретариатының

бастығы Сун Шао-вэнь, Қытай Халық Республикасы әуе-соғыс күштерінің қолбасшысы Лю Я-лоу, Қытай Халық Республикасының Соғыс-Теңіз Флоты қолбасшысының орынбасары Ло Шунь-чу, Қытай Халық Республикасының артиллерия қолбасшысының Орынбасары Ню Чуан-чаң, машина жасау өнеркәсібі Министрінің Орынбасары Ван Дао-хань, почта — телеграф және телефон Министрінің Орынбасары Ван Чжэн, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Саяси Секретары Ши Чжэ, Қытай Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Шығыс Европа елдері және ССРО бөлімінің бастығы Сю И-синь, Қытай Халық Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Азия бөлімінің бастығы Чань Цзя-кан және Қытай Халық Республикасы Үкмет делегациясының бүкіл құрамы болды.

(СОТА)

БК(б)П XIX СЪЕЗІ ДОКУМЕНТТЕРІНІҢ ЖЕКЕ КІТАПША БОЛЫП БАСЫЛЫП ШЫҒУЫ

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы БК(б)П XIX съезінің газеттерде жарияланған документтерін жеке кітапша етіп басып шығарды. «БК(б)П Орталық Комитетінің жобасы. Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жос-

пары жөніндегі директивалары (съездің күн тәртібінің 3-пункті)» және «БК(б)П Орталық Комитетінің жобасы. Партияның өзгертілген Уставының текеті (съездің күн тәртібінің 4-пункті)» тиражы 3 миллион дана болып баспадан шығады.

Жаңа астықты Марьевка дайындау пункті де тез және көп қабылдауда. Дайындау пункттерінің қай-қайсында болсын, астық қабылдау жұмыстары механика күшімен атқарылуда. Партиямыздың кезекті съезі қарсаңында дайындау пункттерінде еңбек еселеген қарқынмен қызға түсуде.

А. КОРКИН.

Қоғамдық мал жайлы қоралармен қамтамасыз етілсін

Қазақстан большевиктерінің V съезі жаңа стандартты қоралар салу жұмысының мал санының өсуінен едәуір артта қалып келе жатқандығын, мұның өзі, әсіресе, колхоздардағы елеулі кемшіліктің бірі болып отырғандығын атап көрсетіп, партия, совет және ауылшаруашылық орындарының алдына колхоздарда құрылыс жұмыстарын барынша күшейтіп, таяу жылдар ішінде барлық түлікті жақсы қоралармен қамтамасыз ету міндетін қойды.

Съездің бұл нұсқауын жүзеге асыруда облысымыздың бірқатар колхоздарының колхозшылары елеулі табыстарға ие болды. Олар іске барлық ынта-жігерін сала кірісіп, жаңадан қоралар салу, ескі қораларды жөндеу жұмыстарында еңбек үлгісін көрсете білді. Сонымен қатар, көп қоралар мал қыйынан тазартылып, тәртіпке келтірілді. Солардың бірі — Пресное ауданындағы «Жизнь» колхозындағы құрылысшылар. Бұл колхозда тұрақты құрылысшылар бригадасы жұмыс істейді. Кәзір колхозда 10-ға жуық мал қоралары бар. Мұнда жаңа 4 қора құрылысы аяқталып келеді. 5 қора жөндеуден өткізілді. Сөйтіп, быйыл колхоздың барлық малы жайлы қоралармен қамтамасыз етілгелі отыр.

Алайда, «Жизнь» колхозындағы алдыңғы қатарлы құрылысшылардың іс үлгісін ауданның партия, совет ұйымдары аудан-

даны еңбекшілерінің игілікті бастамасын Социалистік Еңбек Ері комбайншы И. Колмыков жолдас зор қуанышпен қарсы алды. Үлгілі комбайншы үндеуге жауап ретінде уақытпен санаспай еңбек етіп, комбайнмен егін жыйнауға үздік табыстарға жетті.

Социалистік Еңбек Ері өз комбайнын үздіксіз жұмысқа қосып, күндік норманы үнемі артығымен орындап жүр. Ол 10—15 августа 170 гектар жердің егі-

бісқа жетті «Сталинец» алаңның егі астық басты XIX съезі күндік нормадан жүр.

Пресное ауданының колхоз бас секретары

нінде бірнеше қабылдаған басшылық

Быйыл

шабындығы бұл ауданда дандарға апарып. Бұл жағдай ғыдан едәуір Өйткені, аудандармен қатар сонымен бір мына айдал жабдықтау бұл ауданда дың барысы отыр.

Мал қораларының салдарынан

Был жаңадан мал сыятын малдық ғана жөндеуден жөндеу бары жаңадан сал қолайлы мау тан ауданды дық атқару уашылық ор дардың ферм теріндегі кү ты күшейтіп тыңғылықты ге міндетті.

Мал қыста үшін мал қор

ренушілерге көмек

Октябрь революциясы және орыс "Икасы" деген еңбегі туралы

нда жас
жері бол-
невр жа-
шегінуге,
п жыйнау-
нтрреволю-
өз ішінде
ттар қоры-
е алды.
олюциямыз-
деуге бол-
револю-
олюцияның
е пролета-
атаң көр-
датып қа-
қтарды да
тарапынан
мен эконо-
овет мем-
үбве тура
орыс көп-
н еңбегінде
ябрь рево-
не берген
кәне саяси
бар.
ат диктату-
асына про-
лың, проле-
о бұқарасы-
ұрылған өк-
т диктату-
күштірек

(«Ленинизм мәселелері», қазақшасының 80-беті).
Осыдан келіп Сталин жолдас, Троцкий-дің «перманенттік революциясы» меньшевизмнің бір түрі деген қорытынды шығарады. Ол пролетариат диктатурасын жоққа шығаруға және біздің елімізде социализмнің құрылысына қарсы әрекет жасауға бағытталған. Октябрь революциясының бірінші өзгешелігі жайындағы істің мәні осындай.
Сталин жолдасының анықтамасы бойынша, Октябрь революциясының екінші өзгешелігі — ол революция пролетариат революциясы туралы Ленин теориясын практикада қолданудың үлгісі болып табылатындығында. Империализм дәуірін зерттей отырып, Ленин капиталистік елдердің экономика және саяси жағынан біржәзкі дамымай, секірмелі түрде дамуы туралы заңды ашты. Бұл заң бойынша, кәсіпорындарының, трестердің, өнеркәсіп тарауларының және жеке елдердің дамуы біржәзкі белгілі кезегімен болып отырмайды, бір трест, өнеркәсіптің бір тарауы немесе бір ел үнемі алда болып, өзге трестер немесе елдер бірінің соңынан бірі жалғасып бір ізбен үнемі артта қалып отырмайды, — секірмелі түрде дамыйды, бір елдердің дамуында кідіріс болады, екінші елдер алға қарай секіріп, күшті қарқынмен дамыйды. Ал, бұл кейбір елдерді ығыстырып шығаруға, бәйбіген жерді соғыс арқылы қайта бөлуге, сөйтіп, дүниежүзілік капитализмнің майданын әлсіретуге әкеліп соғады. Империалистік майданның желісі ең нашар болған жеке елдерде империалистік майданды бұзудың мүмкіншілігі туады. Осыдан келіп социализмнің жеке елдерде жетуі

революция, өйткені, ол адам баласының бүкіл дүниежүзілік тарихында ескі, капиталистік дүниеден жаңа, социалистік дүниеге негізінен бет бұрғандықты көрсетеді.
Бұрынғы уақыттарда революциялар билік басына қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызумен тынушы еді, қанаушылар алмасып, қанаушылық қала беруші еді. Октябрь революциясы адамды адамның қанаушының қандайын болса да, қанаушы топтардың барлығын және қай-қайсысын болса да жоюды, пролетариат диктатурасын орнатуды, тапсыз социалистік қоғам орнатуды мақсат етті.
«Октябрь революциясының жеңуі, — деп жазады Сталин жолдас, — адам баласының тарихында негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүниежүзілік капитализмнің тарихи тағдырларына негізгі өзгеріс жасалғандығын, дүние жүзілік пролетариаттың азаттық қозғалысында негізгі өзгеріс жасалғандығын, бүкіл дүние жүзіндегі қанаушы бұқараның күрес, әдістерінде, тұрмыстары мен дәстүрлерінде, мәдениеті мен идеологиясында негізгі өзгеріс жасалғандығын көрсетеді». («Ленинизм мәселелері», қазақшасының 167-беті).
Октябрь революциясы дүниежүзілік империализмнің майданын бұзып, ең ірі капиталистік елдердің бірінде империалистік буржуазияны құлатты және өкмет басына социалистік пролетариатты отырғызды. Бұл—Октябрь революциясы жаңа дәуірді, империализм елдерінде пролетарлық революциялардың дәуірін туғызды деген сөз.
Октябрь революциясы империализмді

Жаңа оқу жылы қарсаңында Жұртшылық көмегімен

Октябрь ауданындағы Дмитриевка селосының орталығындағы зәулім үй әлде қайда көз тартады. Бұл — өткен жылы салынған жетіжылдық мектептің үйі. Бұл мектеп село жұртшылығының көмегімен салынған болатын. Жаңа оқу жылына әзірлік кезінде мектеп пен село еңбекшілерінің байланысы бұрынғыдан да нығайды.
Мектепте оқу жылы аяқталысымен-ақ жаңа оқу жылына әзірлік қызу қолға алынды. Мектеп директоры М. Литвинов және селолық Совет председателінің міндетін атқарушы Ш. Қасенов жолдас тар бұл жұмысқа нақтылы басшылық жасаумен бірге, жаңа оқу жылына әзірлену ісіне жұртшылықтың белсене қаты-

суын қамтамасыз етті. Өткізілген жексенбіліктерде 100 текшеметрден астам отын дайындалып, мектеп жанына тасып алынды. Мектептің іші- сырты ағартылды, класс әбзелдері толық жөнделіп болды.
Мектеп жанында тәжірибе участоті және жақсы жабдықталған физика кабинеті бар.
Кәзір оқытушылар коллективі оқушылардың әсебін алып болып, жаңа оқу жылына кірісуге әзір отыр.
Қ. ҚҰРМАНГАЛИЕВ.
Мектептің жаңа оқу жылына әзірлігін тексеру жөніндегі рейд бригадасының мүшесі.

Мектеп мебельдері сапалы жөнделді

Совет ауданындағы Арадағаш жетіжылдық мектебінде (директоры Хасенов жолдас) оқу жылына әзірлік толық дерлік аяқталды. Мектеп мебельдерін жөндеу жұмыстары да деркесінде жүргізілді. 38 парта, 9 стол, 5 класс тақтасы сапалы жөнделіп, сырланды.
Ата- аналардың нақтылы көмек көрсетуі нәтижесінде дайындалған 287 текшеметр отын мектеп қасына тасып үйілді.

Сол сияқты, оқу құралдары мен жазу аспаптары да алдын-ала сатып алынды. Мектеп оқушылар үшін 1050 дана дәптер, 800 кітап және мектеп кітапханасы үшін 347 көркем әдебиет кітаптарын сатып алды.
Кәзір мектеп оқушыларды толық әзірлікпен қарсы алуға дайын тұр.
Ғ. БАЛТАБАЕВ.

Нақтылы басшылықтың нәтижесі

Преснов ауданындағы Усердное селолық Советінің председателі Богданчиков және мектеп директоры Сурнин жолдастар жаңа оқу жылына мектепті үлгілі әзірлеу ісіне нақтылы басшылық жасай отырып, бұл іске қоғам жұртшылығын да белсене қатыстырды.
Селолық Советтің еңбекшілері Совет ауданы еңбекшілерінің үндеуіне іспен жауап бере отырып, мектепті жаңа оқу

жылына әзірлеу жұмысын ұйымшылдықпен ерте бастан қолға алған болатын. Сөйтіп, Усердное жетіжылдық мектебінің үйін дер кезінде жөндеуден өткізіп, қысқа меректі отынды толық дайындап алды. Барлық парталарды, класс тақталарын және басқа да мүліктерді сапалы жөндеді.
Ж. СҰЛТАНОВ

Екіншіден, Октябрь революциясы империалистік соғыс жүріп жатқанда басталды. Ұзаққа созылған соғыстың салдарынан қажыған дүние жүзі еңбекшілері бітімді аңсап күтті. Бұл жағдай Батыс жұмысшылары мен Шығыстың езілген халықтары арасында совет төңірегіне жаспай тілектестікті күшейтті, сөйтіп, бейбітшілік саясаты Октябрь революциясының үлкен құралына айналды.

Үшіншіден, Батыста қуатты жұмысшы қозғалысы ұлғайып, Батыс пен Шығыста империалистік соғыс тудырған революциялық қозғалыс жетіле бастады. Бұл жағдай Россияда Октябрь революциясының дүниежүзілік империализмге қарсы күресінде сенімді одақтастар табуына көмектесті.

Осындай сыртқы жағдайлардан басқа Сталин жолдас Октябрь революциясының жеңуін оңайлатқан бірсыпыра ішкі себептерді атап көрсетеді.

1. Октябрь революциясын Россия жұмысшы табының басым көпшілігі қызу қолдады.

2. Бітім мен жер алуды көксерген кедей шаруалар және солдаттардың көпшілігі революцияны шүбәсіз қолдады.

3. Революцияға революцияшыл озат теориямен қаруланып, саяси ұрыстарға сыналған, бұқарамен тығыз байланыс жасаған күрес тәжірибесі мол большевиктер партиясы басшылық етті. Революцияның басында бастаушы күш есебінде, большевиктер партиясы болды.

4. Октябрь революциясына қарсы тұрған жаулар нашар ұйымдасқан, саяси тәжірибесі кем орыс буржуазиясы, үкіметтен бүтіндей тәуелді, шаруалардың «бунттарынан» әбден депірі қашқан помещиктер табы, соғыс кезінде біржола күйреген белісімпаз партиялар (меньшевиктер, әсер жер партиясы) еді.

дер есебі. Пролетариат диктатурасы, — жетекші күші пролетариат болған жағдайда, капиталды құлату үшін, социализмнің түпкілікті жеңуі үшін құрылған пролетариат пен еңбекші шаруа бұқарасының таптық одағы» («Ленинизм мәселелері», қазақшасының 77-беті).

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруаның таптық одағына пролетариат жетекші күші болған біздің социалистік мемлекетіміздің тарихы пролетариат диктатурасы туралы Ленин — Сталин ілімінің дұрыстығын толық дәлелдеді. Сталин жолдас пролетариат диктатурасының лениндік теориясының өте-мөте интернационалдік екендігін, оның барлық елдер үшін міндетті екендігін талай рет атап көрсеткен болатын. Ленин алдыңғы қатардағы елдер пролетариаты сол елдердегі еңбекші шаруалар бұқарасымен революцияшыл одақ жасаумен қатар, құлдыққа ұшыраған отарлардағы езілген халықтармен де революцияшыл одақ жасамай тұрып дүниежүзілік революцияның жеңуі мүмкін емес деп бірнеше рет атап көрсеткен болатын.

Октябрь революциясының бірінші өзгешелігін талдай келіп, Сталин жолдас пролетариат пен еңбекші шаруалар арасындағы революцияшыл одақтың қажет екендігін, социализмнің бір елде жеңуі мүмкіншілігін жоққа шығарған троцкистік-меньшевиктік «перманенттік революция» теориясына өлтіре соққы берген болатын.

— «Перманенттік революция» дегеніміз, — дейді Сталин жолдас, — шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіншіліктерін жай ғана жете бағаламаушылық емес. «Перманенттік революция» дегеніміз шаруалар қозғалысын жете бағаламаушылық болғанда да, пролетариат диктатурасы жайындағы Ленин теориясын теріс деуге бастайтын жете бағаламаушылық

болатын.

Бірінші өзгешелік. Социалистік революцияның бұқаралық саяси армиясын жасау — бұл дәуірдегі партияның тактикалық ең негізгі міндеттерінің бірі болды.

Малғұн Троцкий тарихты бұрмалап, большевиктерде 1917 жылы март айының өзінде-ақ даяр саяси армия болды, сондықтан большевиктер барлау жұмысымен айналысты деп сандырақтады. Сталин жолдас Троцкийдің бұл пікірін батыл әшкерелеп, 1917 жылдың мартында большевиктерде даяр саяси армияның болмағандығын дәлелдеді.

Екінші өзгешелік. Октябрьге бір ғана партияның, большевиктер партиясының басшылығымен даярлық жасалды. Большевиктер революцияның тууға жақындаған дәуірінде ең хауіпті топтар болған белісімпаз партияларды сырттату жолымен, әсерлер мен меньшевиктерді сырттату жолымен басшылық етті.

Үшінші өзгешелік. Белісімпаз партияларды сырттатудың және пролетариат диктатурасының жеңуінің ең маңызды шарты — Советтерді мемлекеттік өкмет орындарына айналдыру саясаты — большевиктердің Октябрьге даярлық дәуіріндегі тактикасының үшінші өзгешелігі болды.

Төртінші өзгешелік. Миллиондаған еңбекшілерді партияның жағына шығарып алудың аса маңызды шарты — бұқараны революцияшыл бағыттарға жеткізу арқылы, сол бұқараны партия ұрандарының дұрыстығына өз тәжірибелері бойынша сендіре білу — Октябрь революциясын дайындау дәуіріндегі большевиктер тактикасының төртінші өзгешелігі болды.

Октябрь революциясы, — ең алдымен, интернационалдық, дүниежүзілік сипатты

сипаттары осылар.

Сталин жолдасының «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген еңбегі марксистік әдебиетте данышпандық шығарма болып есептеледі. Барлық елдердің коммунистік партиялары үшін оның теориялық және саяси маңызы орасан зор.

Бұл шығарманың тарихи мәні — Сталин жолдасының марксистердің ішінде бірінші болып, Октябрь социалистік революциясына терең талдау жасағандығында, Ресейдағы пролетарлық революцияның сыртқы және ішкі жағдайларын, оның ерекшеліктерін, Октябрь революциясын әзірлеу дәуіріндегі большевизмнің тактикалық принциптерін ашып, советтік революцияның халықаралық сипатын айқын көрсеткендігінде. Сталин жолдас пролетариат диктатурасы туралы, капиталистік қоршаудың жағдайында бір елде социализмді орнатудың мүмкіншіліктері туралы, дүниежүзілік социалистік революцияны дамытудың жолдары туралы лениндік ілімді тамаша дәлелдеп, оны онан әрі дамыта түсті.

Бұл еңбегінде Сталин жолдас малғұн Троцкийдің контрреволюциялық «перманенттік революция» жайындағы теориясына өлтіре соққы берді. Троцкизмді идеялық ағым есебінде талқандап қана қоймай, оны және оның сыбайластарын біржола жерледі.

Сталин жолдасының бұл еңбегі біздің елімізде коммунистік қоғам орнатуда большевиктер партиясы мен совет халқының күшті идеялық құралы болумен қатар, шетел коммунист партияларын большевиктердің бай тәжірибесімен қаруландыра түседі, социализм үшін болып жатқан таптық ұлы күрестерде оларды басшылықтың большевиктік өнеріне жетілдіре түседі.

В. ОСПАНОВ.

Данияда құрал

КОПЕНГАГЕН, 2 ния үкметінің адрес түстік-Атлантика бл маневріне сентябрь өткізілетін ірі топта үздіксіз келіп түсуді

«Ланд Ого Фольк қаласындағы «Рисси да жұмыс істеп жанышлар болып қабылдіру қарарын жария Оденсе қаласындағы

ГААГА, 24 август хейд» газетінің тілш надай хабар берді: ғыс- сотында Касто винциясы) 42-артилл 16 солдаттының 4 ав соғыс қызметінің ме сы наразылық білдірген ісі қаралады. Бұ тастап шығып, нара монстрациясына келу тарын шақыру үшін

«УДАРНИК»

Бүгін және күн с

«ШЫНДЫ БАҒЫ

Сеанстар сағат 6-8

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, р партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етіл

УШ 01883.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік №